

образования нового типа, механизм их взаимодействия с общеобразовательными организациями.

Сегодня ребенок с ограниченными возможностями может получить квалифицированную психолого-педагогическую помощь в системе дифференцированного обучения, так как только в этой системе работают специалисты, имеющие соответствующие профессиональные знания и опыт, имеется программное, учебно-методическое, материально-техническое обеспечение учебного процесса.[1]

По моему мнению, проблеме обучения детей с ограниченными возможностями здоровья, детей-инвалидов государству следует уделять больше внимания, т.к. эти дети должны иметь равные права со здоровыми детьми, ведь среди них так же есть способные дети в учебе, талантливые, одаренные, но не способные «влиться» в общественную жизнь самостоятельно. Делать любую работу с душой – залог успеха!!!

Список литературы:

1. Петрова Т.А. «Развитие инклюзивного образования в Казахстане» 2012 г. // <http://stud24.ru/pedagogy/razvitie-inkluzivnogo-obrazovaniya-v-kazahstane/389928-1312866-page1.html>
2. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 13 с.
3. Садихова М. С. «Внедрение инклюзивного образования в школах» 2016 г. // <http://kopilkaurokov.ru/prochee/prochee/vniedreniie-inkluzivnogho-obrazovaniia-v-obshchieobrazovatiel-nyie-shkoly-kazahstana>
4. Есиргепова В.Ж.«Инклюзивное образование в Казахстане: состояние, перспективы». 2011г // http://ksu.edu.kz/files/education/material_konf/Liqnosti/esirgepova_v_zh_inkluzivnoe_obrazovanie_v_kazahstane.pdf
5. Дюсекенова Гульмира Габбасовна. Инклюзивное образование в РК. 2013 – 2014 г. // <http://collegu.ucoz.ru/publ/2-1-0-18313>

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН. БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Асылбек А

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Иксанов С.Б

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Әрбір халықтың жеке халық болып қалыптасуы үшін көптеген тарихи кезеңдерді басынан өткізуіне тура келеді. Бұл күрделі процесс бір немесе екі ғасырдың ішінде болмайды, халық болып қалыптасу бірнеше ғасырларды қажет етеді.

Ұлттық сананың қалыптасу үрдісін күшейтудегі, өркениетті азаматтық қоғам негіздерін күшейтудегі тарихымыздың тағдырлы кезеңіндегі ең қуатты жемісті құрал – қазақ халқының ұлы бабаларының мұрасына назар салу. Сондықтан, ежелгі, бай, дана және ақындық тілге деген мемлекеттік және бүкілхалықтық қамқорлық – әрқайсысымыз үшін асыл парыз.

Тәуелсіздік! Бұл – талай ғасырлар бойы ата-бабамыздың асыл арманы еді. Сол арманға біз жеттік, Тәуелсіз Қазақ елінің көк байрағын желбірете көтергенін біз көрдік, туған елдің жалғанның жалпағына танылғанымен, оның аузын айға білеген небір алпауыт елдермен терезесі тең болғанын, әлемдегі айдарынан жел ескен елу елдің бірі болып, енді озық отыз мемлекеттің бірі болуға меже белгілегеніне куә болдық.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданды. Заң

кабылданғанынан бастап елдің тәуелсіз даму жолы басталды. Оның мазмұнында ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы, жеке тұлғалардың құқығы мен бостандығына басымдық беру, саяси тұрақтылық, билікті бөлісу, ұлтаралық келісім т.б. іргелі демократиялық қағидалар көрініс тапты [1,107 б.].

Тәуелсіздік жарияланған күннен, күні бүгін жиырма бес жыл толып отыр. Бүгін, тәуелсіздігіміздің бағасыздығына көзіміз жете отырып, халықаралық тоғыста орналасқан қазақстан Республикасының әлемдігі елдермен қарым-қатынастарының дамуын бақылап отырмыз. Сүйікті Отанымыз Қазақстан – бүгін халықаралық қоғамдастықтың белсенді, танымал, құрметті мүшесі. Бұл жоғары мәртебе ұлтына лайықты әр ұлынан, сонымен қоса әр деңгейдегі депутаттар мен әкімдерден, үкімет мүшелерінен Отанның бүгіні мен ертеңі үшін, сүйікті Қазақстанымыздың дамуы үшін, сонымен қатар әлемдік аренада оның үнінің қатты шығуы үшін үнемі күш жұмсауды талап етеді. Отан үшін жауапты болуға әрқайсысымыз адал еңбектеніп, жемісті күш жұмсап, үлкен жауапкершілік пен мықты ерікке, ұлттық намысқа, жоғары білімділікке, таза ниетке ие болуымыз қажет [2, 164 б.].

Бағасыз ұлттық игілігіміздің қасиетті, мінсіз және әрқашан тұрақты тәуелсіздігін сақтау – мемлекеттің мақсаты және Қазақстанның әр саналы және адал азаматының миссиясы. Тәуелсіздік пен егемен мемлекетті, әлемді нығайту, тұрақтылық пен ұлттық бірлікті, жоғары отаншылдық сезімді, рухани қырағылықты, ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік нышандарды қорғау – нағыз азаматтық қоғам құруға, мықты экономикалық және әлеуметтік дамуға, стратегиялық жоспарлар мен мақсаттардың іске асуына бізді толықтай бағыттайды. Тәуелсіздік пен оның жетістіктерін нығайту бізді халықтың тарихи санасын, этикалық және мәдени құндылықтарын қалпына келтіру мен тілдің, әдебиеттің, ғылымның, мәдениеттің, ағарту мен білім берудің дамуына көп күш салуға итермелейді.

Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметі бойынша, 2000-шы жылдарда елде 48 театр, 62 концерттік ұйымдар, 3539 кітапхана, 154 мемлекеттік мұражай, 2259 клубтық мекеме, 8 тарихи қорық-мұражай, 42 демалыс саябағы қызмет етті [3, 127 б.].

Әрине олар өте орынды. Бірақ жағымды жағымен қатар жағымсыз шетелдік мәдениеттің жаппай енуі де орын алды. Зорлық пен каталдықты, әдепсіздік пен бос сөзді насихаттайтын сапасы төмен реалити шоулар, кинофильмдер барлық теледидарды жаулап алды, мұның барлығы жас буынды батыс мәдениетіне еліктеуге үйіріп алды.

Елбасы дәстүрлі жолдауында өркениетке қадам басқан Еліміздің төл мәдениетін насихаттауда баса айтты. Ал ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетіміз – бай тарихымыздың көрсеткіші. Сол арқылы біз бүгінгі заман сұранысына лайық жаңа тұрпаттағы мемлекетімізді өз дәрежесінде көрсете аламыз. Яғни, бүгінгі Қазақстан Республикасы аталатын мемлекетіміз – XV ғасырда өмірге келген Қазақ хандығының тарихи жалғасы. Кешегі Алаш зиялыларының өз өмірін арнаған асыл армандарының орындалғандығының көрінісі. Біздің төл тарихымызда жас ұрпақ санасында мақтаныш сезімін туғызатын өнегелі істер жетіп артылады.

Тарихтан белгілі, Мәңгілік ел идеясының бастауы халықтың асқақ арманымен үндесіп, тамырын тым тереңнен алады. Нақтылы деректерге сүйенсек, осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік ел» деп өсиет қалдырған екен. Енді сол Мәңгілік ел – Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеялогиясына, басты темірқазық – бағыт-бағдарына айналып отыр.

Әрине, Қазақ жерінде бұдан бес жарым ғасыр уақыт бұрын да біздің ата-бабаларымыз тұрған, ұрпақ өсіріп, басты байлық – туған жерімізді өздерінің кейінгі ұрпағына аманат еткен [4, 167 б.].

«Мәңгілік ел -2050» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Алайда, оған бар күш-жігерімізді салып, белсене ат салысуымыз қажет. Тәуелсіздік, мемлекеттік нығым деген ең кішкентайда нәрселерден бастау алады. 2050 жыл..! Осы бір уақытты көз алдыға елестеткенде әрбір азаматтың ойына ең алдымен туған жерінің шарықтап өсуі келеді.

Алдыға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса Елбасы салған сара жолдан таймайық, елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның жаңа тарихы I том. - Алматы 2012 жыл.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия, - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл.
3. Қазақстанның жаңа тарихы II том. - Алматы 2012 жыл.
4. Отырар, Энциклопедия.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2005 жыл.

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әбетай Д.

Ғылыми жетекші: гуманитарлық ғылымдар магистрі Жағыпар Ә.Б.
Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

«Барша халқымыздың ең басты құндылығы – Тәуелсіздік! Біз –көшпенділердің ұрпағымыз, ат үстінде жүрген елміз. Ержүрек халықтың жалғасымыз. Естерінде болсын, тарихта қазақты ешкім ешуақытта жаулап алған жоқ. Жаулап алғысы келгендер ел ішіне іріткі салды. Бүгінгі тәуелсіз елімізде қазақтың ішкі бірлігі сақталуға тиіс. Біз бір ұлтпыз, қанымыз бір, жанымыз бір». **Қазақстан Республикасының Президенті, "Нұр Отан" ХДП Төрағасы Н.Назарбаевтың "Жас Отан" Жастар қанатының II съезінде сөйлеген сөзі (Астана, 2012 жылғы 16 қараша)**

Бүгінгі таңда тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл толды. Қазақ елі көркейіп дамуда. Бәрімізге мәлім тәуелсіздік бізге қиын жолмен келді. КСРО-ның ыдырауына және Тәуелсіздікке жетуімізге 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі ұлттық тарихымыздан ойып тұрып орнын алады. 30 жыл бұрын орын алған Желтоқсан көтерілісі толық, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да, біздің осы мақаламызды жазудағы мақсатымыз – Желтоқсан көтерілісін зерттеудегі кейбір мәселелерге мән беру және тарихтан тағылым алып жас ұрпақтың санасына сіңіру.

Желтоқсан көтерілісінің зерттелуі жайында академик, ғалым Манаш Қозыбаев: «Осыдан он жыл бұрын 16-18 желтоқсанда Қазақстан астанасында болған қанды шайқас халқымыздың тарихына тоң-тоң болған шері мен мұны бар, қатпар-қатпар сыры бар күндер болып мәңгі хатталады. Алайда осы бір тарихи құбылыс пердесі әлі толық ашылмай келеді. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, бейбіт демонстрацияға, манифестацияға шыққан шын мәніндегі реформатор ұрпақтың өкілдерін қанға бөктіру процесіне қатысқандар әлі арамызда. Екіншіден, жүйе алғашқы жылдары желтоқсан қозғалысына байланысты негізгі деректерді құртып үлгерді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының арнаулы комиссиясы жүріп жатқан кезде құжаттардың бір қатарын Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің өртеп жібергені осының бірден-бір айғағы. Біздің пікірімізді мына құжаттарда растайды: «іс жүзіндегі маңызын жоғалту себепті, жарамдылық мерзімі өтіп кетуіне байланысты «Метель» операциясын өткізу кезіндегі іс–қимыл жоспары (вх №1095, 27 бет) өртелу жолымен жойылды. Ішкі қызмет подполковнигі А.И. Калинин», – дейді [1, 108 б.]. Құжаттар өртеніп кетті деп көрсеткенімен қазіргі биліктегі желтоқсан көтерілісіне қатысы бар шенеуніктер кеткен кезде желтоқсан оқиғасының шындығы ашылады деген ой түйюімізге болады.

Желтоқсан көтерілісінің басты себептерінің бірі Д.А. Қонаевтың биліктен кетуі екені баршамызға аян. Бұның өзі әлі толық зерттелмеген сияқты, себебі Қ.Т.Табеевтің пікірі бойынша «Пленум Қонаевты қызметінен «бірауыздан» босатып, Колбинді бірінші хатшылыққа «бірауыздан» сайлады», – дейді [2, 12 б.]. Ал Т.Бейісқұловтың пікіріне сүйенсек «Пленум Д.А.Қонаев жолдасты пенсияға шығуына байланысты республика Компартиясы